


## ОРИЕНТАЛИЗМ

Ориентализм мәдениеттер сұхбаты  
жайлы ілім: бұрынғы және қазіргі  
көзқарас





Кітап: Ориентализм

Дәріс: 24. Ориентализм мәдениеттер сұхбаты жайлы ілім: бұрынғы және қазіргі көзқарас

**Мақсаты:** Ориентализмнің мәдениеттер сұхбаты жайлы ілім ретіндегі ерекшелігін анықтау.

Біз алдыңғы дәрістерде әдебиеттегі, бейнелеу өнердегі Басқаның образы, образдың оны тудырушы объектімен байланысы тақырыптарын қарастырғанда шынайылық, нанымдылық мәселелерін сөз еттік.

Назар аудартатын бір жағдай – Саидтің өзінің Отан, ел, туған жер, басқа халық, бөгде мәдениет сияқты құндылықтар жайлы ойлары.

Саид еңбегінің ерекшелігі – ол осы тақырыпты өзі сол оқиғалар өткен ортада, көптеген оқиғаларды өз басынан өткізіп жүріп жазғандығында. Сондықтан Саидтің кітабында түрлі халықтар мәдениетінің өзара ықпалдастығы, туған жерден алыс кетудің жағымды-жағымсыз жақтары оқиғаны сырттай бақылаушының тұрғысынан емес, оны іштей біліп тұрған соң әсерлі, шынайы жеткізіледі. Саидтің «Ориентализм» еңбегін оқу барысында осы кітаптың негізгі мазмұнымен қоса онда автордың оны жазуына себеп болған басты және жанама оқиғаларға қатысты көзқарасы өзіне назар аудартады.

Саидтің кітабы Шығыс мәдениетін бұрыс түсіну, оның салдары жайлы кітап. Оның әдісі, стилі Батыста Батыстан өзге, яғни кез келген батыстық емес мәдениетті қалай қабылдайтынын түсінуге көмек бере алады.

Оның өзі айтқандай Батыс пен Шығыс арасындағы кез келген оқиға оның «Ориентализм» еңбегін тура немесе қосымша түрде еске салып тұрады. Бүгінгі қоғам Батыс-Шығыс арақатынасы ориентализм тұжырымын мақұлдайды немесе оның жаңсақ екенін көрсетеді.

Осы айтылғанға мысал қарастырып көрейік. Голливудта «Теңізші Синдбад» жайлы толық-метражды мультфильм түсіріліп экранға шығарылғанда белгілі медиасыншы Джек Шахин оны «көпке танымал есімді коммерциялық бренд ретінде пайдаланудың сәтсіз, арзан үлгісі» деді.

Джек Шахин – Америка медиасында Шығысқа қатысты таратылатын теріс стереотиптерді ашуымен танылған белгілі медиасыншы, ол қазіргі попмәдениетте Таяу Шығысқа қатысты қалыптасқан образдарды зерттеумен айналысады.

Ол өзінің осы салада дәл осы мәселемен қырық жыл бойы айналысатынын айта келіп, сол тәжірибенің есебі ретінде жинаған мәліметтерімен бөліседі. Оның айтуынша Американың попмәдениетінде арабтар мен мұсылмандарға қарсы стереотиптердің қалыптасқан тарихы бар. Ол ойдан шығарылған әңгімелер әдетте ақиқат шындықты бұрмалауға алып келетіндіктен бұл мәселеде адасуға болмайды деп ескертеді және философ Николло Макиавеллидің сөзін еске алады. Макиавелли былай деген: «адамдардың басым бөлігі нақты шындыққа емес, көбінесе ол жайлы түсінікке тәуелді».

Джек Шахин өзінің зерттеу жүргізу үшін қараған материалдардың жалпы саны мың екі жүзден асады дейді. Олардың арасында фильмдер, телебағдарламалардан бастап комедиялар мен мультфильмдерге дейін бар екеніне назар аудара келіп, олардың жалпы мазмұнына сипаттамалық талдау жасайды.

1918 жылы Америка киноаудиториясына «Тарзан» жайлы фильм таныстырылды. Бұл нашар арабтар жайлы алғашқы фильм еді. Көрермендерге экраннан араб құлиеленушілері африкалық құлдарды қалай ұрып-соққанын, сонымен бірге тұтқынға түскен ағылшынға қалай күш қолданғаны жайлы көрсетіледі. Бұдан үш жыл өткенде 1921 жылы Рудольф Валентионың «Шейх» фильмі шығады. Оны тамашалаған көрермендердің ойында арабтар жайлы тағы да бір тұрақты пікір қалыптасады, яғни оның мазмұны бойынша арабтар дәрекі, ақылсыз болумен қатар, тойымсыз және жеркенішті.

Америкалықтар арабтар жайлы пікірі ондаған жылдар бойы еш өзгеріссіз қала берген. Араб халқы мен мұсылмандар өмірінің алуан түрлілігіне қарамастан экрандағы арабтар мен мұсылмандар көпшілік жағдайда тұрақты бір амплуада беріледі. Мысалы, араб әйелінің ешқандай құқы жоқ, ол үстіне қап-қара ұзын киім киіп алып, өзінің күйеуінің талаптарын үндемей орындай беретін қуыршақ сияқты біреу, марионетка. Ал арабтардың ерлері – бұлар жабайы бұзақы бәдәуилер, қатал шейхтар немесе қолындағы қаруын оңды-солды сермеп жүрген террористер. Арасында күлкілі сайқымазақтар да бар.

Ал оқырмандар қолына сценарист және суретші Фрэнк Миллердің «Қасиетті террор» аталатын романын алғанда олар қанішер арабтармен танысады. Ал Джон Бакеннің «Жасыл



Кітап: Ориентализм

Дәріс: 24. Ориентализм мәдениеттер сұхбаты жайлы ілім: бұрынғы және қазіргі көзқарас

мантия» романында «ислам – әскери дін, ал молда мешіттің мінберінде бір қолына Құран, екінші қолына семсер ұстап тұрады».

1977 жылы шыққан алпыс минуттық «Арабтар басып алуда» аталатын фильм көрермендерді арабтардың АҚШ-тың өндірістері мен жерлерін сатып алу арқылы Америка территориясын басып алу процесімен таныстырады.

1990 жылы The National Review газеті «Мұсылмандар келе жатыр! Мұсылмандар басып алуда!» деген мақала жариялап, қасына түйе мінген ұрының суретін береді.

Оның айтуынша егер «Голливудта бір жағымды араб образында фильм түсірілсе, ол сәтсіздікке ұшырайды, себебі оған ешкім келмейді, ал фильм террорист туралы болса, онда сөз басқаша» болады. Джек Шахин мультфильмдегі Синдбад образының ертегідегі образдан алыс екенін айта келіп, оны түсірушілер оның атын ғана алып отыр, сол себепті де «Мың бір түн ертегісінің» өзінен экранда тек біреудің теңізге саяхатқа шыққанынан басқа ештеңе қалмаған болуы мүмкін дейді. Себебі бұл «Синдбад» фильмі Бағдад көпесі Синдбадтың теңізге жасаған тамаша, естен кетпес жеті саяхаты жайлы емес, қарақшы жайлы фильм. Тіпті басты кейіпкердің есімінің өзі америкалық жасөспірімдердің айтуына жеңіл болуы үшін «Синбад» болып өзгеріске түскен. Фильмді дыбыстаған атақты голливуд артистерінің дауысы пейзаждың сапалы анимациясын да басып тастайды. «Синдбад» фильмі диснейлік «Аладдиннің» қол жеткізген кассалық табысына жете алмады дейді.

Біз мұның барлығын қазір неге айтып отырмыз? Себебі «Аладдин» ол толығымен Саидтің «Ориентализм» еңбегінің концепциясымен түсірілген. Мультфильм Батыс адамының Шығысты қалай түсінетіні жайлы фильм. Фильмнің танымал, табысты болуына оған арнайы жазылған музыка да ықпал етті деуге болады. Бұл екі мультфильмнің екеуі де интернетте бар, біз сіздерге оны қарап шығуға кеңес береміз.

Осы типтес материалдар экран арқылы америкалықтардың түсінігінде ислам құндылықтары америкалықтардың құндылықтарынан түбегейлі басқа деген көзқарас қалыптастырады. Сол арқылы америкалықтардың шынайы мұсылмандарды өз қоғамында қабылдауына қиындық келтіреді. Осыны айта келіп, Джек Шахин мұндай стереотиптерден айырылу енді мүмкін емес сияқты болып көрінуі мүмкін, бірақ ол мұсылман қоғамының өзінің шыдамдылығына байланысты дейді. Джек Шахин де Саид сияқты бұл проблемалардың оң шешімін табатынына сенім білдіре отырып, арабтардың болашағына үмітпен қарайды. Ол бұл стереотиптер бұзылатын күн де туады дейді. Ол жаттанды емес тың образдарды тудыратын жас ғалымдар мен креативті жеке тұлғаларға байланысты, олар ескі емес, жаңа жолмен жүреді дейді. Ол образ әулие немесе ібілістің емес, жағымды және жақсы қасиеттерге ие қарапайым адамдар образы болуы тиістігін айтады. Кітаптың өзіне қайта оралайық.

Саидтің «Ориентализм» кітабы – бұл әртүрлі мәдениеттердің бір-бірімен сұхбаты жайлы еңбек. Ол сұхбат мәдени теңдік пен мәдени өзін-өзі қамтамасыз ету тұрғысынан жүргізіледі. Саид өзі бұл кітапты памфлет деп атады. Памфлет дегеніміз – белгілі бір саяси құбылыстарды, саясат немесе мәдениет қайраткерлерін, саяси құбылыстарды әшкерелеуге арналған өткір, сатиралық шығарма. Памфлет арқылы автор қоғамдық-саяси өмірдегі қандай бір құбылысты немесе тұлғаны өткір сатира тілімен масқаралайды немесе оның қоғам алдындағы жағымсыз, зиянды қырларын әшкерелейді.

Ал Саидтің еңбегін оқығаннан кейін оның қарсыластары оны «Батысқа қарсы, Батысты әшкерелеуге бағытталған кітап» (antiwestern) деу арқылы оның бестселлерге айналуына себепкер болды. Кітаптың шыққанына қырық жыл өтсе де, ол жайлы айтыстар әлі күнге дейін жалғасуда.

«Аладдин» фильміндегі образдар да қазірге дейін үлкен табысқа ие. Мультфильмдегі шынайы араб әлемі мен «Мың бір түн ертегілеріне» ешқандай қатысы жоқ бір жылпос, пысықай бағдадтық бала Америка мәдени өміріне еркін еніп алды. Аладдин Голливудта Микки Маус немесе Арыстан Корольмен бірдей танымал болып шықты. Бірақ ол да ертегіден Аладдиннен алыс, бөгде. Аладдиннің бейнесін осы мультфильм ықпалынан компьютер ойындарынан, тәттілердің орамасынан, майка немесе кітаптардан т.б. кездестіруге болады.

Эдвард Саид бұл жөнінде былай дейді: «Құбылмалы және сан түрлі оқиғаға толы өмірді түсіну қиын, себебі адам баласының тұлғасы, бейнесі дегеніміз (идентификация) – ол табиғи нәрсе емес, ол үнемі өзгеріп отырады, тіпті қажет болса ашықтан ашық қайтадан қолдан



жасалады, ал адамдардың басым бөлігі осы қағидамен келіскілері келмейді». Бұл жерде Саид тағы да мұсылмандар, соның ішінде мұсылмандардың бұрмаланған батыстық бейнесі жайлы айтып тұр.

Шығысты өздері түсінбейтін адамдар осының кесірінен басқалардың әр мәдениеттің, ұлттың өзіндік ерекшелігіне, оның тарихи тұрақтылығына, талассыз позитивтілігіне деген сенімін жояды, ал мұндай қатынас «Ориентализм» сияқты кітаптарға көрсетілетін жағымсыз көзқарастың тууына алып келеді.

Батыс Шығыс туралы мәлімет алып, Шығыспен танысқан жолдардың бірі «Мың бір түн ертегілері» екенін өнер мен әдебиеттегі ориентализм тақырыбындағы дәрісте айттық. Университетте білім алған шығыстанушылар, олардың арасында арабистер классикалық араб әдебиетінің тарихында «Мың бір түн ертегілеріне» айтарлықтай көңіл бөлінбейтінін жақсы біледі. «Мың бір түн ертегілері» араб ұлтының дүниетанымы мен жан дүниесін түсіндіретін мәтін емес, араб мәдениетінің көрсеткіші де емес.

Араб Шығысы мен нағыз, таза қанды көшпелі арабтың, яғни бәдәуидің кім екенін білгісі келген адам, алдымен Араб Жазирасына ислам діні келгенге дейін сол территорияда (қазіргі Араб түбегінде) ауызша тараған поэзияны оқуы керек. Себебі исламға дейінгі және ортағасырлық араб поэзиясы – ол арабтардың өлеңмен жазылған тарихы. Қазақ халқының рухы мен намысы, сезімі мен ерлігі оның ауыз әдебиетінде тұрғаны сияқты, арабтардың да бүкіл тұрмыс-тіршілігі оның өте сұлу да бай поэзиясында сақталған. Ол әлемдік әдебиеттің алтын қорынан өз орнын алған поэзия. Араб поэзиясының ең басты ерекшелігі – ол жазу-сызуы болмаған заманда ауызша туғанына, бір де бір сөзі сол, өзі пайда болған заманда қағаз бетіне түспегеніне қарамастан авторларын сақтап қалған поэзия. Ендеше оларды қалайша варвар, қалайша қараңғы деуге болады?

Ал «Мың бір түн ертегілері» араб әдебиетінің тарихында арабтардың тарихына қатысты маңызды шығарма ретінде қарастырылмайды. Ондай қызмет атқаратын классикалық мәтіндер араб әдебиеті мен ғылымында жеткілікті, алайда Батыс оны білмейді, білсе де тас бетінде қатып қалған, өлі жазу деп ойлайды. Түптеп келгенде араб әдебиеті мен мәдениеті «Мың бір түн ертегілерінің» өзін де ориентализм деп қарастырады. Себебі, классикалық араб текстерінде қалыптасқан стиль бойынша ойдан шығарылған нәрсені автор емес, ондағы кейіпкер айтады. «Мың бір түнде» ол рөлді ертегіні айтатын Шахерезада атқарады. Шығармадағы мұсылман қоғамына жат шарап ішу, эротика жайлы ертегілер ислам құндылықтарына көлеңке тудыру, яғни ол жайлы жағымсыз көзқарас қалыптастыру үшін құрастырылған.

Саидтің айтуы бойынша «географиялық белгілердің барлығы эмпирика мен қиялдың түсініксіз комбинациясы. Шығыс идеясының өзі Британия, Франция және Американың қалыпты бір ұғымы. Ол ұғым түптеп келгенде осы аймақты сипаттау қажеттелігінен емес, оны билеуге деген тілектен және қандай да бір жолмен одан сақтану үшін туған».

Саидке қарсы шыққандар көп болды, қарсыластар оны ориентализмнің расистік және дұшпандық сипатын әшкерелеймін деп көптеген ғылыми және гуманистік жетістіктерді талқыдан тыс қалдырды деп айыптады. Көрнекі батыс ориенталисі, Оксфорд университетінің профессоры Бернард Льюс өзінің «Батыс және ислам» аталатын кітабында Саидке қарсы қисынды көп ойлар айтты, десе де ол Саидтің ориентализм объективті ғылым емес деген пікіріне қарсы тұжырымды жауап бере алмады.

Саидті арабтардың да барлығы бірдей қолдаған жоқ. Африкадағы ұлт-азаттық қозғалысының жеңісінен шабыт алған француз зерттеушісі Мусаллам алжирлік (араб) мұндай кітапты жазбас еді дейді. Дегенмен Саид «Ориентализм» жеке оқиғаның тарихынан және Палестина халқының ұлттық дезинтеграциясынан туғанын өзі жоққа шығармайды (дезинтеграция/ыдырату). Босқындар проблемасы.

Ал Батыстың шабуылына қауіптеніп, сақтықпен қарайтын арабтар мен мұсылмандар үшін бұл кітап Батысқа берілген ең алғашқы салмақты жауап болып табылды. Ал Батыс іс жүзінде Шығысты еш уақытта тыңдаған жоқ және керісінше оны Шығыс болғаны үшін үнемі айыптады. Батыстың тарапынан ешқашан Шығысты тыңдау, түсіну қадамы жасалған емес. Саидке қолдау көрсеткен арабтар үшін «Ориентализм» кітабы Исламды жүйелі түрде қорғайтын еңбек болды. Ал бұл жөнінде Саидтің өзі былай дейді: «Ориентализм» Ислам үшін тек бір жағдайда ғана қорғаушы бола алады. Ол үшін менің біздің алғаш туған сәтімізден басталатын алғашқы



қауымдастығымыздың өзі (яғни дүниеге келген уақыттың) интерпретациялау кезіндегі қайшылықтардан таза емес деген ойларымның жартысына көңіл бөлмеу қажет. Батыстағы Исламның таралуы оған қайтадан оралу деп санайтын көзқарас іс жүзінде мұсылман қоғамдастықтарының Исламды дұрыс түсіндіру үшін жүргізетін күресі».

Саидтің «ориентализм» концепциясына жауап ретінде израиль философы Авишай Маргалит пен британдық Йен Бурума «оксидентализм» үлігісін ұсынды. «Оксидентализм» батыстық емес халықтардың Батыс өркениетіне қарсылықтарынан, жаңсақ ой-пікірлерінен, дұшпандық көзқарастарынан тұратын жүйе және ол көптеген феномендерді түсіндіреді, мысалы Израиль Батыс емес, бірақ ол неге Саид ұсынған әдісті жоққа шығармайды, керісінше, толықтырады?

Саид Шығыс пен Батыстың жалпыға белгілі үлгілеріне қарсы көзқарас ұстанады немесе әшкерелейді, олардың мекен, уақыт және бақылаушыға тәуелді және шартты екенін ашып көрсетеді. Мысалы, Израиль Батыс па, әлде Шығыс па? Израильдіктер кім? Саид үшін израильдіктер, сөз жоқ, ориенталистер. Ал америкалықтар үшін Израиль еш күмәнсіз Батыс болады.

Америкалық киноөндіріс Таяу Шығыс шиеленісін тура Батыстағыдай етіп көрсетеді – ақ адамдар жақсы, әділ және қара адамдар жалған және лас.

Саид араб-израиль шиеленісінің ең басты себебі олардың арасында түсіністік жоқтығынан деп көрсетті. Өйткені оның айтуынша екі тарап та бірін-бірі шынайы деп санамайды.

Ал оған бұл қалыпты нәрсе, яғни өз ұлтыңнан басқаны бөгде немесе жат деп санау ол кез келген адам баласының табиғаты, яғни адамдар әлемді сол қалпында емес, оның төңірегінде қалыптасқан ой, менталды жүйелер арқылы қабылдайды, ал ой адам дүниетанымының негізі емес пе дегенде, Саид былай деп жауап береді: «Иә, мұның барлығы дұрыс. Бірақ сол жүйені тағы да олар сүзгіден өткізеді» деп жауап берді. Адамның өзінің айналасын, жалпы әлемді сол қалпында ғана емес, оның айналасында қалыптасқан көзқарас пен ой-пікір арқылы қабылдауы қалыпты нәрсе. Бірақ сол көзқарас немесе білім барынша шынайы, объективті болғаны дұрыс. Саид айтқандай оған ешқандай стереотип таңылып, жалған таңба салынбауы керек.

### Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. «Мәдениеттер сұхбаты» ұғымы нені анықтайды?
2. Э. Саид өз еңбегі жайлы неге «Ориентализм» мәдениеттер сұхбаты жайлы кітап деді?

### Өздік жұмыс тапсырмалары

1. Джек Шахин «Синдбад», «Аладдин» фильмдерін неге ориентализм идеясымен түсірілді деді?
2. Америкалық киноөндіріс Таяу Шығыс шиеленісі жайлы қандай бұрмаланған мәлімет беретіні жайлы ойыңызбен бөлісіңіз.

### Ұсынылатын ресурстар

1. Said Edward W., Orientalism. London: Penguin, 2003. – 396 p.
2. Э. Саид, Ориентализм. С-Петербург: Русский Мир, 2006. – 639 с.
3. [https://kinogo.by/5647-watch-online-movie-aladdin\\_aladdin\\_1992.html](https://kinogo.by/5647-watch-online-movie-aladdin_aladdin_1992.html).
4. <https://www.ivu.ru/watch/106224>.